



№24 (10014)
23 наурыз,
сенбі
2024 жыл

Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Құттықтау

Құрметті аудан тұрғындары,
қадірлі жерлестер!

Сіздерді 22 наурыз – Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Мемлекет басшысының тапсырмасымен биыл елімізде Наурыз мейрамын кеңінен атап өту және оның маңыздылығын арттыру жөнінде Наурызнама тұжырымдамасы дайындалды. Соған сәйкес 10 күн бойы ұлттық салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды кеңінен насихаттауға арналған танымдық-мерекелік шаралар ұйымдастырылып келеді.

Тарихи тамыры тереңге бойлаған өз-Наурыз қашан да дана халқымыз үшін еңсесі биік елдіктің, іргесі сөгілмеген бірліктің, ынтымағы ажырамаған ырыстың символы ретінде танылып келген. Табиғат түлеп, жаңарған сәтте есіктен енетін ақ пейіл мен мол татулықтың мерекесі ретінде қазақпен біте қайнасып көле жатыр.

Берімізге мәлім Наурыз – ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы. Бұл күні тіршілік оянып, күн мен түн теңеліп, табиғат-ана жасарып, жаңарып, ерөн еңбектің думаны басталады. Адамзат баласы сағынышпен қауышып, өкпе-рәңіштерді ұмытып, бір-біріне жылы лебізін білдіріп, өсіп-өнуін тілейді.

Игі дәстүр бойынша біз де жаңа жылдан жақсылықтар мен жаңа жетістіктер күтеміз. Ұлыстың ұлы күні біз үшін қашан да ата-бабаларымыздың ұлағаты мен даңқын дәріптеген дәстүр ретінде қымбат. Наурыз туғанда диқан кетпенін сайлап, шаруаға кірседі. Осы тұрғыдан алсақ Наурыз – елді еңбекке жұмылдыратын, ырыс-несібімізді арттыратын мейрам.

Қадірлі ағайын!

Еліміздің мерейін өсіріп, бар болмысымызды айшықтайтын Наурыз мерекесі әрбір отбасына бірлік пен қуаныш, бақыт пен молшылық әкелсін!

Наурыз мол ырыс-несібімен, құт-берекесімен келсін! Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

Ардақ ИБРАИМОВ,
Жалағаш ауданының әкімі



Өз-Наурыз

Думанға бөлеген мереке



Түркі халықтарына ортақ Наурыз мейрамын Орта Азия елдері 5 мың жылдан бері тойлап келеді. Осыдан-ақ бұл мейрамның тарихы тереңде екенін аңғару қиын емес. Соңғы жылдары ұлыстың ұлы күнін кең көлемде атап өтуге ерекше мән берілуде. Олай болғаны да дұрыс, себебі тіршіліктің бастауы саналатын көктеммен қатар келген бұл мейрамда салт-дәстүр жаңғырады, өшкеніміз жанып, өткеніміз ұлықталады. Жердің тоңы жібіп, тіршілік басталады.

4 →

Наурызтой

Қазақ халқы үшін Жер-Анаға жан бітіріп, жылуымен жердің тоңын жібітетін ұлыс күнінен артық мереке жоқ шығар, сірә. Өйткені қыстан мал-жаны аман шығып, сақтап отырған сүрің, тәтті дәмдісін дастарқанға қойып, ақсақалды ата мен ақжаулықты аналарын төрге оздырып, бата-тілек ағытылатын берекенің бастауы да осы өз-Наурызбен байланысты. Әсіресе жыл басы жақындағанда әрбір үйде көлер жылғы тоқшылық пен ырыстың арқауы, құт-берекенің бастауы ретінде ақ дастарқан бетіне міндетті түрде наурыз көже қойылады. Иә, ұлыстың ұлы күнін наурыз көжесіз елестету мүмкін емес.

Ұлыстың ұлы күні жолымыз қазақы қаймағы бұзылмаған шалғайдағы Жаңадарияға түсті. Дала жаңбырлы болса да халықтың жайдарлы жүзі мерекелік көңіл-күйден хабар беріп тұрғандай. Көше бойымен ауылдық клубқа ағылған тұрғындар, мез-мейрам болған балашаға, бұйы бурқыраған қазан-қазан наурыз көже, бері-бері ұлттық мерекеміздің нақшын келтіруде. Ауыл өнерпаздарының «Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні» мерекелік шарасын тамашалап, ән мен биге де қарық болдық. Мерекелік концерттен соң ауыл халқы жайылған дастарқанға жайғасып, ұлттық тағамымыз наурыз көжеден дәм татты.

Ұлттық тағам демекші, ауылда 4 қазан наурыз көже пісіріліпті. Мен де тағамның дайындалу барысына деп түсіліпін. Қазан-ошақ жанында жүрген апаларға бұл тағам жайлы сұрақтарымды жаудырдым. Өтпеген, аузым берік, әйтпесе 3-4 тостаған сіміріп алатындай дәмді екеніне күмәнім жоқ. Аспаз апайларым қазанды ожаумен араластырған сайын тағамның иісі бурқырап, бетіндегі сары қаймақ көздің жауын алуда.

Ауыл тұрғыны Асылзада Сейітова бірнеше жылдан бері наурыз көже, жалпы ұлттық тағамдарды дайындауда бесаспан болыпты. Аламыздың айтуынша, көженің дайындалуында ерекше мән бар. Су тіршілік көзі болғандықтан, наурыз көженің негізі су екен. Мұның астарында өмір өзіндей мөлдір, ұрпақ сұдай асып-тасысын деген жақсы ой жатса керек-ті. Сонымен бірге қазақ дастарқанының берекесі, төл асы –

ет, оның ішінде соғымнан сақталған сүр етін және ас мол болсын деген ырыммен арпа қосады. Арпаның емдік қасиетін жақсы білген халық оны тойымды әрі көптеген дертке шипа санайды. Арпамен қоса тары, күріш сияқты дәмді-дақылдар қосылып, бір тамырдан өсіп-енген дәмді ұрпағымыз көп болсын деген ниетте, осы дәмдермен қатар айран немесе ақ құяды. Түптеп келгенде наурыз көжеге қосылатын жеті дәм де адам денсаулығына пайдалы саналып, сүттей ұйып, ауызымыз ақтан кетпей молшылықта болайық деген тілекте әзірлейді.

– Наурыз көже пісіріп жүргеніме бірнеше жыл болды. Осындай мейрамда ұлттық тағам пісіруді әдетке айналдырғанмын. Отбасымда келіндеріме де үйреттім. Немерелерім «Әжемнің наурыз көжесін ішемін» деп мерекені асыға күтеді. Иә, ұлттық тағамдарымыз әрбір үйдің дастарқанынан табылғанына не жетсін. Одан бөлек бауырсақ, жент, майсөк, құрт, қаймақ дайындаймын. Міне, бүгінде жанымдағы қыз-келіншектермен жерлестерімізге дәмді наурыз көже пісірдік. Негізі, наурыз көже дайындаудың қиындығы жоқ. Сүрленген ет пен қазы болса, көже өте дәмді болып шығады. Дәстүрлі тағамды дайындауда мынандай жеті түрлі тағам қосылуы қажет деген қағида жоқ. Әркім қолындағы барын, мүмкіндігіне қарай әзірлейді. Бастысы, дәм саны жетеу болып, дәмді тіл үйіріп, қазанымыз асқа, дастарқанымыз нанға толса, ырыста, береке де осы болар, – дейді Асылзада Сейітова.



Көжесі дәмді, көңілі шат

Сол маңайдағы ақсақалдармен де диалог құрдық. Бұрынғы ата-бабаларымыз ақ түйенің қарны жауып қалған ұлыстың ұлы күні наурыз көжемен қатар бірнеше дәстүрді орындаған екен. Мәселен, «Ұйқы-ашар», «Селтеткізер», «Белкөтерер» сияқты дәстүрлерге үлкен мән берген Жалпы Наурызды тойлайтын Шығыс халықтары үшін 21-інен 22-сіне қараған түн ерекше. Таным бойынша күн мен түн теңеліп, осы түні арайлап атқан

шуақты күнді алғашқы болып көруді жақсылыққа жорыған халық ұйқысыз өткізетін болған. Әсіресе жастар жағы ұйқыны ысырып қойып, алтыбақан теуіп, ауылдың алты аузын айтып, бір-бірімен ойнап-күліп, бастаңғы жасап, ән-жыр айтысады. Ең әуелгісі, кешке мән берген Жалпы Наурызды тойлауға ұнатқан қызына сөз салып, серігін табуға тырысады екен. Ал қыздар ұнатқан серісіне көңілін білдіру үшін тәтті дәм дайындайды. Оны «Ұйқы-

ашар» дейді. Серілер ұйқыашар әзірлеген қыздарға «Селтеткізер» салтын орындап, айна, тарақ, алқа-сырға, шашбау-шолпы секілді бұйымдарды сыйға тартады. Бұдан бөлек наурызда көпті көрген қарияларға құнарлы тағам түрлерін араластырып, ұсақтап, шайнамай жеуге ыңғайлап, «Белкөтерер» тағамы дайындалады.

Үлкендердің айтуынша, осы күнге жеткен ұлыстың ұлы күнінің дәстүрлі тағамы – наурыз көжені тойлап жеген адам жыл бойы тоқшылықта жүреді дейді. Иә, жаңадариялықтардың қонақжайлылығына риза болдым, «Балам ораза екен» деп бөлек ыдысқа наурыз көжесін құйып беріп жіберді. Осылайша біз ақсүйекке қалмасқа та, керемет мерекелік көңіл-күймен аудан орталығына жол тарттық.

Жандос ЖАЗКЕН

Сараптама

Бүгінде «Заманың түлкі болса, тазы болып шал» деген пәлсапамен алаяқтар елімізде біраз азаматтарды алдап, қаржысын жымқырып, көз жасына қалуда. Иә, әлемді қаржылық дағдарыс қыспаққа алғанда арамзалар оңай ақша табуға ниеттенгендерді қақпанына түсіріп, аңқау халықты алдап-арбау арқылы толағай табысқа көнеліп жатыр. Сорақысы, қалта қағудың түрлі тәсілі пайда болды. Жасыратын несі бар, соның бірі «қаржы пирамидалары», қараша халықтың қалтасын әлі қағып жүр екен.

4,6 млрд теңге қайтарылған

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырамысымен аталған мәселе бойынша бүгінде қызу жұмыс жүріп жатқан көрінеді. Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы Дмитрий Малаховтың мәліметіне сүйенсек, қылмыстық жолмен түскен кірістерді жылжытуға қарсы күрес саласында 5,7 мыңнан астам тұтынушымен іскерлік қарым-қатынас тоқтатылған. Криптовалюта айырбастайтын 1,5 мыңнан аса заңсыз онлайн-сервис анықталып, бұғатталған. 49 заңсыз майнер өшкерілген. Қазір оларға қатысты тексеру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Террористік және экстремистік ұйымдардың шоттарына қаржы аударуға қатысты 1,2 мың әрекет анықталып, оларға шектеу қойылған.

Соңғы уақытта 41 қаржы пирамидасы жойылып, зардап шеккендерге 4,6 млрд теңге қайтарылған. Алаяқтық белгілері бар 8 мыңнан астам сайт пен аккаунт бұғатталып, 4,8 мың онлайн-казино сайтының қызметі тоқтатылған. Сондай-ақ екінің деңгейлі банктермен және қаржы реттеушілермен бірлесіп, 21 жасқа толмаған азаматтардың букмекерлік кеңселерге төлем жасау мүмкіндігін автоматты түрде шектеу тетігі енгізіліп жатыр.

Бұдан бөлек 74 млрд теңге көлемінде негізсіз бюджет шығындардың жолы кесілген, заңсыз қолма-қол ақшамен айналысатын 59 «көлеңкелі» алаң қызметі тоқтатылған. 7 ұйымдасқан қылмыстық топ жойылған, сотқа дейінгі тергеу амалдары аясында 141 млрд теңге көлемінде келтірілген залал өтелген. Сондай-ақ капиталды заңсыз шығаруға қарсы іс-қимыл саласында жалпы құны 276 млрд теңгені құрайтын активтер қайтарылған.

Қаржы пирамидасына нақтырақ тоқталсақ, қаржы пирамидаларының құрылған сәттен бастап, ерте анықтау үшін IT құралдарын пайдалана отырып, әлеуметтік желілерге талдау жүргізіліп жатыр. Биыл бұғаттауға 600 мың аудиториясы бар, мыңға жуық қаржы пирамидасының белгілері бар сайттар мен шоттардың сілтемесі жіберілген.

Тек соңғы алты айда интернет желісінде 36 қаржы пирамидасы анықталған. Олар бойынша WhatsApp, Telegram және Instagram әлеуметтік желілерінде 200-ге жуық тәсілмен 182-сі бұғатталған. Осылайша 126 мың азаматтың қаржылық шығындарына жол берілмеді. 73 мың аудиториясы бар 7 ірі шетелдік жоба бойынша (Eolus, Nisa, GPiBS, Дари получай, Чароит, Саһомі, Веетре) сотқа дейінгі тергеу басталды.

Қаржы пирамидасы – алаяқтардың қақпаны



Қаржы пирамидасы қайдан келді?

Ең алғаш қаржы пирамидасы 1 ғасыр бұрын, яғни 1920 жылы АҚШ-та құрылған деседі. Оған дейін де алаяқтық айла-тәсілдер болғаны анық, бірақ алаяқтық әрекетті білдіретін ұғым ретінде тарихта қалғаны осы – «Понци схемасы».

Қысқаша баяндасақ, Бостонда тұратын Чарльз Понци есімді азамат БАҚ арқылы өзінің фирмасына жарнама жасап, инвесторларға салған әрбір 1000 долларын 3 айдан кейін 1500 доллар етіп қайтарып отырған. Әрине қайтаратын қаржы да инвесторлардан жиналғаны түсінікті. Бірнеше айдан соң алаяқтың өзі тұтқындалып, фирмасы банкрот деп танылды. Тұтқындалған кезде Понцидің фирмасының банктегі шотындағы қаржы көлемі 4 млн доллар болса, берешегі 7 млн-дан асып түсіпті.

Содан бергі аралықта «Понци схемасы» әбден жетілді деуге болады. Оның алуан түрі Қазақстанда да аз емес. Мәселен, Ішкі істер министрлігінің дерегіне сәйкес, 2019 жылдың 8 айында «Қаржы пирамидасын құру мен басқару» бойынша 14 қылмыстық іс қозғалған. 2017 жылы Қылмыстық кодекстің 217-бабымен 63 іс қозғалып, жұрт 6,341 млрд теңгеден астам шығынға батқан. 2018 жылы қозғалған қылмыстық істер қатары 103-ке жетіп, шығын көлемі 1,863 млрд теңгені құрады. Жалпы 2017-2019 жылдары қылмыстық істерден халық 8,3 млрд теңгеден астам ақшасынан айырылған. Алайда тергеу амалдарының нәтижесінде бұл соманың 400 млн-сы, яғни 5 пайызы ғана иелеріне қайтарылған.

Ақпан айының соңғы аптасында қаржы пирамидаларының әрекеті елімізде дүр сілкіндіргені белгілі. Алдын ала деректер бойынша «Гарант 24 Ломбард», «Estate Ломбард» және «Выгодный займ» компанияларына ақша салған 2 мыңнан астам адам 5 млрд 411 млн теңгеден айырылған.

Аймақтағы ахуал қалай?

Иә, бұл мәселе 2022 жылғы қайғылы оқиғадан кейін ерекше өзектілікке ие болды, бұл қаржы пирамидасының (MudarabahCapital) салымшыларының бірі өз арызы бойынша әділ тергеуден үмітін үзіп, министрлік ғимаратының алдында өзін-өзі өртеу әрекетін жасаған.

Қызылорда облысы бойынша экономикалық тергеу-тексеру департаменті мамандарының айтуынша, күмәнді қаржылық жобаларға адам тарту мақсатында бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері, танымал блогерлер мен вайнерлердің көмегімен жаппай жарнама жүргізілген. Бұл мәселені шешу үшін жауапты мамандар талдау жүргізіп, қаржылық пирамидалардағы инвесторлардың психологиялық портретін құрған.

Қаржылық пирамидаларға орташа инвестор ретінде көмектестірілген, жоғары білімі және қаржылық сауаттылық саласында білімі жоқ, жалақысы төмен лауазымдарда жұмыс істейтін адам немесе зейнеткер және жұмыссыз адам екені анықталған. Сонымен қатар қаржылық пирамидаларға жұмысқа қабылдау көбінесе туыстары немесе жақын достары арқылы жүзеге асырылады екен.

Статистикаға сүйенсек, былтыр облыста қаржы пирамидасы фактілеріне қатысты агенттік аумақтық департаменттерімен 157 сотқа дейінгі тергеу басталып, 114-і аяқталған. Алаяқтардың заңсыз әрекетінен аймақта 8 млрд теңгеден астам шығын келтірілген алайда сотқа дейінгі тергеу барысында 4,8 миллиард теңгенің мүлкі өтеліп, тәркіленген. Бұл ретте қылмыстық жолмен алынған кіріс көлемі 4 млрд теңгені құрайды.

Бұдан бөлек департамент Q-Net және ChiaThai пирамидасын ұйымдастырушыларға қатысты қылмыстық істі аяқтаған, сотқа дейінгі тергеу барысында инвесторларға келтірілген 53 миллион теңге залал толық өтелген. Ұйымдастырушылар соттың

рұқсатымен қамауға алынып, қылмыстық істер сотқа жіберілген.

Иә, алданып ақшадан айырылғанша, алдын алған абзал. Мәселен, облыста профилактикалық жұмыстар аясында Subemadzog жүйесі арқылы 460 сілтеме бұғатталып, 3 аккаунт жойылған. Ыңғайлы болу үшін агенттік мамандары «Vidapiramida» телеграммалық ботын әзірлеген. Былтыр аталған ботқа 3500-ден астам шағым түскен. «AFM-Insider» телеграммалық боты арқылы ҚР-ның кез келген азаматы экономикалық құқық бұзушылық фактілері туралы хабарлай алады, бұл ретте анонимділік пен құпиялылыққа кепілдік беріледі.

Сонымен қатар департамент мамандарымен халық көп жиналатын орындарда, сауда орталықтарында, өуежайларда, вокзалдарда, базарларда, қоғамдық көліктерде тақырыптық бейнероликтер таратылған, мектептерде, колледждер мен жоғары оқу орындарында, ірі кәсіпорындарда, облыстың барлық аудандарында кездесулер ұйымдастырылып, тұрғындардың жағдайын жақсартуға бағытталған іс-шаралар өткізілген.

Түйін: Иә, ең бірінші кезекте азаматтарға қаржылық сауаттылық жетіспейді. Адам сенгісіз оңай жолмен қаржылық табыс әкелетін ұсыныстардан бірден тартып қашу керек. Десе де жауапкершілік азаматтардың өзіне артып қана қоймай, мемлекет те тиісті іс-шараларды жүзеге асыруы керек.

Мәселен, қаржылық алаяқтарға қылмыстық кодекстің 217-бабында 5-7 жылға дейін бас бостандығынан айыру қарастырылған. Оған алаяқтық туралы 190-баптың 5-10 жылғы қосымша. Бірақ заң бұл дертке тусуау бола алмай тұр. Сондықтан «Тегін ірімшік қақпанда ғана болады» деген тәмсілді әрқайсысымызға естен шығармаған абзал.

Жандос ЖАЗКЕН

Сауал

Депутат: Букмекерлік кеңсені жарнамалауға тыйым бола ма?

Мәжіліс қатарына жақында қосылған депутат Нұрсұлтан Байтілесов партияластарымен бірге лудоманияға қарсы күрес мәселесін тағы көтерді. Депутат 25 жасқа толмаған азаматтарды құмар ойыннан шектеуді ұсынып, Премьер-министрдің орынбасары Тамара Дүйсенованың атына сауал жолдады.



Ол қоғамдық кеселге айналған лудомания мен синтетикалық есірткінің ел шырқын бұзып жатқанын айта келе, заң жобасына өзгеріс енгізу бойынша ұсыныстарын ортаға салды. Сөзінше, Заң жобасында құмар ойын ойнайтындарды 25 жасқа дейін шектеуді, шетелдік ұйымдастырушылардың заңсыз қызметінде қаржы операцияларына тыйым салуды, бұқаралық ақпарат құралдарында букмекерлік кеңселер мен тотализаторлардың жарнамасына тыйым салуды және тағы басқа түзетулер енгізуді жоспарлаған. Қазір лотоматик пен басқа лотерея терминалдары OLX және басқа маркетплейстерде еркін сатылып жатыр. Осы аппараттарды сатып алып, тұрғын үйлердің астындағы дүкендерде заңсыз ойын бизнесін ұйымдастырып, сотталып жатқан азаматтар да баршылық екен.

Ол өзекті мәселемен күресу жолында тек жаза қолданып қана қоймай, оның алдын алу үшін профилактикалық шараларды жиі өткізу маңызды екенін ескертті. Одан бөлек тағы бір алаңдатарлық мәселе ретінде есірткі өндірісі мен саудасын атады.

– Өткен жылдың өзінде елімізде есірткіге қатысты 7,5 мыңнан астам қылмыстық іс тіркеліп, заңсыз айналымнан 41 тонна есірткі алыныпты. Бұл – дабыл қағарлық жағдай. Қазіргі уақытта есірткі бизнесінің жаңа көріністеріне қарсы күресті күшейту үшін Мәжіліс прекурсорлардың, есірткі жасау үшін пайдаланылатын өзге де заттар мен жабдықтардың өлдегі заңсыз айналымы үшін жауапкершілікті қатандатуды көздегіін заң жобасын қабылдауға дайын екенін мәлімдейміз, – деді Мәжіліс депутаты.

Жедел жәрдем жүргізушілерінің жалақысы қашан көтеріледі?

Мәжіліс депутаты Қазыбек Иса Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназаровадан жедел жәрдем жүргізушілерінің жалақысы қашан көтерілетінін сұрады. «Денсаулық саласына 2 трлн теңге аз, жетпейді деп жатырмыз. Бірақ осы салада ұрланып жатқан да, жымқырылып жатқан да аз емес байқап отырсақ» деген ол саладағы бірқатар кемшіліктерді тізіп берді.



Депутаттың сөзінше, дәрі-дәрмектің шамадан тыс жиналуының өзі 5,5 млрд теңге. Оның 1,3 млрд теңгесі пайдаланылмаған. Тек 24 медициналық ұйымда 4,1 млрд теңге негізсіз шығын болған.

– Екі-ақ қалада жымқырудың өзі 500 млн теңге. Ал енді 700 млн теңгеге сыйақы, айлық жазып алған. Сонда оларда мынадай суммадан кейін артық жазуға болмайды деген заңның шектік мөлшері болмай ма? 700 млн теңгені жазып алғаны мақсара ғой, – деді ол.

Қазыбек Иса халықтың ең қажетті дәрілерге қолы жетпей жүргенде шамамен 450 млн теңгенің дәрі-дәрмегі жойылғанын айтады. Осындай миллиардтар ұрпанып, жымқырылып, жойылып жатқанда ол жедел жәрдем жүргізушілерінің жалақысы әлі көтерілмегеніне қапалы.

– Жедел жәрдем 24 сағат жүреді. Тіпті жолда жедел жәрдем жүргізушілері таяқ жеп те жүр. Енді осылардың жалақысы қай кезде көтеріледі, – деді ол.

Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова жедел жәрдем жүргізушілерінің жалақысын көтеру мәселесі жиі көтеріліп жатқанын айтты. Қазір іштен босатылған қосымша қаражаттарға байланысты тарифтерін көтеру мәселесін қарастыратындарында жоққа шығармады. Ол негізінен кадр саясатына байланысты тиісті тұжырымдама қабылдау керек деп есептейді. Оның ішінде медициналық білімі бар, білімі жоқ және басқа да проблемалар көп екен.

Е. АНУАРҰЛЫ

Брифинг

Көкжөтел: 7 науқас тіркелген

Елімізде жыл басынан бері 391 адам көкжөтел болса, оның 7-еуі біздің аймаққа тиесілі. Әзірге ауданнан аталған дертке шалдыққандар анықталған жоқ. Десе де мамандар сақтану қажеттігін айтады. Оның үстіне күн енді жылынған шақта дерт дендейтін көрінеді. Аталған дерттің алдын алуда қайтпек керек, науқастар қандай ем-шаралар қабылдайды, осы және өзге де бірқатар сауалдарға ауданның бас санитары Гүлзираш Айымбетова кешегі брифингте жауап берді.

Жалпы көкжөтел – тыныс алу жолдарының жұқпалы ауруы. Дерттің қоздырғыштары – «Bordetellapertussis» деп аталатын спецификалық бактериялар. Спикер оны адам ағзасына ауа тамшылары арқылы берілетінін айтады. Бұл індет циклды ағыммен өтіп, кеңірдек, көмей, бронхылардың шырышты қабығын зақымдайды. Аурудың алғаш жүгу сәті катаральды кезең, оның ұзақтығы 3-14 күнге дейін созылады.

– Басты белгісіне көксек, тоқтаусыз қатты жөтелдің пайда болуы. Мұндай кезде кейбір науқаста дене қызуы мүлдем көтерілмейді, ал кейбіреулерде субфебрильді температура (37-37,5С) сақталып тұрады. Бұдан кейін, яғни ұстамалы жөтел кезеңі басталады. Ол 3-8 аптаға дейін, кейбір жағдайда одан да көпке созылуы мүмкін. Ұстамалы жөтелдің ерекшелігі катаральды кезеңдегі жөтел өзгеріп, күшейіп, тыныс алудың қиындауы, булығы пайда болады. Қатты жөтел кезінде баланың

беті қызырып, тілін сыртқа шығарады. Жөтелден соң құсу, тұтқыр қақырықтың бөлінуі, бет-ауыздың ісінуі сынды белгілер байқалады. Тіпті көзге де кері әсерін тигізіп, конъюнктивта астына қан құйылулар болуы мүмкін. Ал көкжөтел көпке созылып асқынып кетсе, қайғылы жағдай орын алуы ықтимал. Әсіресе 1 жасқа дейінгі балалар үшін қауіпті, – дейді ол.

Спикердің сөзінше, бала өзінен-өзі ауырмайды. Көп жағдайда көкжөтел ересектерден жұғады екен. Егер үлкендер ұзақ уақыт жөтелсе, ол көкжөтелмен ауырды деген сөз. Бірақ бұл сыртқа оларда жеңіл өтетіндіктен көбі созылмалы жөтелін елемей жүре береді. Салдарынан балалар зардап шегеді екен. Оның үстіне қазір ауа райы да жылы болғандықтан адамдар көп қыдырады, қоғамдық орындарға жиі барады. Бұл жағдай да ауру таяқшаларының ауа тамшылары арқылы тез таралуына ықпал етеді екен.

Соңғы кездері екпе алудан бас тартатындар көбейген. Салдарынан ауруың ауруларды жұқтырғандар қатары артқан. Негізі, аурудың алдын алу үшін халықтың 95 пайызы екпе алуы тиіс.

Жалпы соңғы рет Қазақстанда көкжөтелдің көбею жағдайы 2018 жылы, оның алдында 2015 жылы тіркелген. Аурудың алдын алудың ең тиімді жолы – көкжөтелге қарсы екпе алу. Екпе салдырған балалар арасында көкжөтелмен сырқаттану көрсеткіші өте төмен екен. Яғни егілген балалар аталған індетпен сирек ауырады әрі жұқтырған күннің өзінде жеңіл түрде өтеді.

Ауданның бас санитары керісінше егілмеген балалар арасында көкжөтел ауруын жұқтыру көрсеткіші жоғары екенін айтады. Сондай-ақ олардың ауруы да созылып, ұзақ уақыт емдеуді қажет етеді. Мұндайға жол бермеу үшін уақытында екпе алу керек. Мәселен, биыл осы дертті жұқтырғандардың дені

егілмеген балалар екені белгілі болып отыр. Сонымен қатар көптен бері жөтеліп жүрген адамдардан сақтану қажет. Оларды оқшаулап, көкжөтел таяқшасының бар-жоғын анықтап, ауруын асқындырмай емдеген жөн.

ҚР Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес балаларға екпе егу бір мезгілде тиісінше 5-6 аурудан, яғни дифтериядан, сіреспеден, көкжөтелден, полиомиелиттен. В типті гемофильді инфекциядан және В гепатитінен қорғайтын құрамында АБКДС бар бес және алты компонентті құрамавақциналарды қолданып жүргізіледі. Көкжөтелден барынша қорғау үшін балаларға 5 екпе алу қажет, оның ішінде 2 айдан бастап 1 ай аралығымен 3 екпе, содан кейін бірінші ревакцинация бір жарым жаста, екінші ревакцинация 6 жаста жүргізіледі. Осы ретте спикер де дертті дендетпеудің жолы жолы вакцина екенін жасырмады.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы «Халықаралық Наурыз күні» деп бекітіп, ЮНЕСКО адамзаттың материалдық емес мәдени мұра тізіміне енгізген жыл басы – Ұлы мерекесі жайында ғылыми тұжырымдар мен байыпты болжамдар жеткізілді. Осы күнді ойын-сауықпен атап өтетін халықтардың баспасөз беттерінде айтылып жататын жеке-жеке пікірлерден тіпті аяқ алып жүргізіл. Алайда осы пайым пардасынан іріктелген толымды толғамдарды қорытып, түпкілікті байлам жасаған жүйелі ғылыми еңбек жоқ десе де болады. Сол үшін бүгінде елдің таным-түсінігін екіұдай ой кеулей бастағаны жасырын емес. Өйткені шын мәнінде бұл қандай мереке және жыл басы наурыз айының нақты қай жұлдызында басталып, қанша күн тойлануға тиіс деген сұрақтар күні бүгінге дейін басы ашық мәселе күйінде қалып отыр.

Берік ЖҮСІПОВ,
фольклортанушы



Балпақ іннен шыққан күн

Жұқанағы. Ислам мәдениеті бойынша, бұл мұсылманшылыққа жат әдет саналғанымен, дәстүрлі қазақ қоғамында әулиенің мазарына, киелі саналатын жерлерге шам жағу, дүниеден өткен жанның туыстарына қайтыс болған марқұмды жатқызып, ауашаларға үйге сүйек шыққан кештен бастап, әр күні ымырт жабылғанда кісінің рухы жер бетін тастап мәңгі мекені – бағиға аттанғана дейін, сондай-ақ дүниеге келген нәресте қырқынан шыққанша бесігінің басына 40 күн шырақ жағу рәсімі зороастризмнен қалған, негізінен яхуди (иудаизм) мен христиан дініне тән ғұрыптар кейбір қоғамдастарымыздың арасында әлі күнге дейін сақталып келеді. Ұлыс мерекесі күндері жиган-терген дүние-мүлкі қағып-сілкіп, отпен аластап алатын қазақ баласы ғасырлар бойы жинақтап, әртүрлі сенімдер мен мәдени ауыс-түйістер толқынында сінгеріп салт-дәстүрлері мен ырым-тиымдарының барлығын осы күндері қайта жаңғыртуға тырысады. Өйткені салт-дәстүрлер жаңғырып, ескі ырым, жоралғылар мен белгілі бір тылсым рәсімдер қайталанған сайын адам баласы өзінің ілкі бастауларына қайтып, рухтар қауышып, түлеп отырады деген түсінік сана түкпіріне жазылған, балталасан да бұзуға келмейтін жасырын мәліметтер жиынтығы болып саналады.

Дәстүрлі қазақ қоғамында Ұлыс мерекесі 9 күн бойы тойланғаны айтылады (Мәшһүр Жүсіптің деректерінде 8 күн, алайда бүгінгідей бір ай емес – авт.). Өйткені наурыз айының 13 жұлдызында 90 күнге созылған қытымыр қыс маусымы толық күрмеліп, келесі жылдың шырағы жағылады. Шаруаның жайын білетін қазақ қыс айының осы соңғы күндерін «жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағы» атандырады да сондықтан. Олай болса, тұтас бір жылдың кейін қалуы, 12 жылда бір келетін мүшелдің күзі (көктем мерекесінде байырғы орыс халқы «мәріптің қатарына міндетті түрде 12 сабақ жас пияз қосады»), көктемнің келуі, яғни жыл басы 14 наурызға сәйкес келеді. Дәстүр бойынша, Наурызанама (кей деректерде Наурыздама, – авт.) мерекесінің сегізінші күні «тойтарқа» рәсімін жасап, күн мен түн теңескен сәтте, яғни 22 наурызда биік қырдың басына шығып, таң шалағын қарсы алып, келесі жылға аман-есен өткеніне қуанған қазақ 9 санын кездесіп таңдамаған. Көне нумерология ғылымында 9 – адам деген сөздің ишарасы. Осыдан келіп, «күйірімен үш тоғыз» ұғымы, яғни бір айдың және 9 санына қатысты барлық қасиеттер жиынтығы тіні тарқатылады. Өйткені адам баласының өмір тіршілігі белгілі бір тылсым сандардың заңдылығына байлаулы екенін көнедегілер жақсы білген.

Әрине, біздің бұл ойымызбен көп адамның бірден келісе кетуі екіталай. Бірақ байырғы қазақ басқаны білмесе де, табиғаттың тілін жетік меңгергенін ешкім жоққа шығара алмасы анық. Мен сол ғазиздерден қалған табиғи біліктің бір үзігімен ғана беліскелі отырмын. Өйткені ғылыми еңбектердің дені 12 жылдық күнтізбелік тармақ «қытай мәдениеті арқылы тибет, моңғол ұйғыр һәм қазаққа сінген» деген пікірлерге иек артудан аспай отыр. Ал осы халықтармен өмір бойы қоныс болып, байтақ даланы белісе жайлаған біздің ескі ру-тайпаларымыз тұтыған дәл осындай ескі мәдени ұстындар туралы айтуға келгенде, неге екені белгісіз, кезежесі кейін тарта береді. Аман қанша, ғалымдардың басым бөлігі осылай деп белгісіз бекітіп қойған соң, әзірге осы мәліметтерді малдана тұруға мәжбүрміз. Өйтсе де, түбірімен қайта қарап, заманауи зердемен зерттеуге сұранып тұрған мәселенің бірі де осы.

Ал енді біз еліміздің бүгінгі Батыс өңірінде тұратын қазақтардың (Ақтау, Атырау, Орал, Ақтөбе) не үшін 14 наурызда «Көрісу» немесе «Амал» мерекесі деп атайтынына жіті мән беріп жүрміз бе? Жалғыз Батыс өңірін жайлаған ағайындар, Ресей мен Қарақалпақстанда тұратын қандастарымыз ғана емес, Кавказ халықтары, оның ішінде әзірбайжандар да жыл басы деп бір-бірімен тап осы 14 наурызда көрісетінін қандай табиғи құбылыспен немесе этникалық байланыспен түсіндіруге болады?

Табиғаттың тілін бір кісідей түсінген бабаларымыз Жердің он екі айда Күнді бір айналып шығуын жыл деп атаған. Жалпы жұртқа белгілі, жыл басы – тышқан. Халық арасында «Тышқан қалай жыл басы атанды?» дейтін балаларға арналған ертегіде осы мәртебеге ие болу үшін таласқан хайуанаттар арасындағы оның айла-көрлікпен жеткен ерекеті ерекше айтылады. Ал бұл ертегінің балаларға арналу себебін түсіндірмей-ақ қойса да болатын шығар. Өйткені көшпелілер өзінің ғасырлар бойы жинақтаған табиғи тәжірибесін бауырындағы баласына тал бесікте жатқанда анасының ақ сүті мен әлді арқылы дарытуға тырысқан.

Бүгінгі Поволжье, Ресей, Орта Азия, Өзбекстан, Түрікменстан, Ауғанстан, Иран, Қазақстанның

құмшауыт пен тақыр жерлерін мекендейтін, ұсақ кеміргіштер тобына жататын, қорқу дегеннің не екенін білмейтін өжет әрі өте сақ тышқан тектінің балпақ деген түрі болады. Өзі үш-төрт жылдан артық өмір сүрмейді. Жыныстық қабілеті өмірінің екінші-үшінші жылы ғана кемеліне келіп, толыса бастайды. Отызға тарта шөптің түрімен қоректеніп, үнемі өсімдіктердің тамырынан ылғал соратындықтан, суға да аса құмар емес. Оның ерекше бағалы жон терісі сәуір айының ортасына қарай түлеп, күн көзіне шағылысып, қып-қызыл болып, жанардың жауын алып құлпыра түседі.

Бір қызығы, әлгі мақұлық жыл он екі ай тіршілігінің 9 айға жуығын жер астында, қалың ұйқының қышығында өткізеді. Құм шықжыған шілде айының ішінде әуелгі жазғы ұйқыға кеткеннен күздік, қыстық ұйқысын әбден қандырып, қыс күрмелер күні, яғни 13 наурызда бір-ақ оянады. Соған қарағанда жыл мезгілінің ауысуына байланысты табиғатта болып жататын ерекше өзгерістерді бірінші осы тышқан тұқымы сезетін болса керек. Қысқы ұйқыдан алдымен еркегі, сосын ұрғашысы, соңынан барып балланактары оянады. Сөйтіп, сол күні табиғаттың қандай мінез танытып тұрғанына қарамастан, қыстай жатқан індерінің аузын, ішін толайым тазалап алып, бір-бірімен кісі сияқты көреседі. Егер күн райы тәуір болса, сол сәттен бастап тіршілігін жалғастырады. Ал ауаның әлі де болса суықтан, қытымыр екенін байқаса, балпақ қалыпты әдетімен ініне кіріп, күн жылынғанша қайтадан көз шырымын алуға кіреді.

Мұндай табиғи құбылыстарға таңалуға да болмас. Мысалы, кеміргіштер отрядының тиін-терділер тұқымдасына жататын Қазақстанның орманды дала, шөлді жерлері мен таулы аймақтарында ұшырасатын, терісі аса бағалы, майы халық медицинасында әртүрлі сырқаттарға ем ретінде кәдеге жаратылатын суыр деген сүтқоректі бар. Солардың өз арасында болатын адам айтса нанғысыз «Суырдың қыз ұзату» рәсімін ашылықпен айналысатын ағайын білуге тиіс. Қаз-қатар тізіліп тұрып, ұластарын ұзатқан сәтте суырлар адамша қимастық танытатынын аңшылар өңгіме еткенде, оны бей-жай отырып тындаудың өзі мүмкін емес. Ал Қазақстанның Жайық, Сырдария, Ертіс, Іле, Шу, Тентекқара, Қобда өзендерінде кездесетін, тіршілігінің көбі суда өтетін, аса бағалы терісінің ерекше жұпар ісі шығаратын қылшықтарынан парфюмерияда қолданылатын «құндыз жұпары» алынатын, елсана бойынша су түбіндегі шамшырақ аталатын ерекше жарық тастың сақтаушысы әлгі кеміргіштер отрядының қатарындағы құндыз деген тышқан екен.

Балпақтың әлгі ғажайып ерекеті жыл басы – наурыз келгенде ауыл-үйдің айналасын тазартып, кір-қонын жуып, киім-кешегін қайта жаңартып киетін дала халқының тіршілігіне қатты ұқсайды. Олардың жылдағы осы әдетінен бір танбайтынын білетін және табиғи құбылыстарды қалт жібермей үнемі бақылап жүретін бұрынғының ескерімді қариялары балпақ іннен шыққан күнді жыл басы дейді.

Бұған байланысты халық жады да көп нәрсе сақтаған. Ел арасында «Байдың ұлы балпақ» деген сөз қалған. Бұл әлі тышқан тұқымындағы май басқан, толық балпаққа, қобалақ болмысына сүйеніп айтылған теңеу болса керек. Кешегі аштық зұлматы құрық салған жылдары адамдар балпақтың өтін жел жан сақтаған. Кіші жүз қазақтары арасында айтылатын «Төртқара, балпақтың жел қара» деген қағымға сөз соның белгісі. Қазір ұмытыла бастағанымен, бұрын қазақ тұрмысында балпаққа қатысты атау, есім тергеу, ойын түрлері де жиі кездесетін. Тоғыз ай мен бір жастың арасындағы топ-толық, дені сау перзентін кеміргіш тұқымына ұрпағының атымен «балпанактай» деп еркелететін қазақ оның ерекше қасиетін ежелден білсе керек. Қазақтың балалар фольклорында «Бала, бала, балпақ / Басын неге жалпақ?» деген әзіл аралас жыр жолдары да кездеседі. Жалайырдың атақты биі, кесем, әрі әулиесінің есімі Балпық болуында да бір табиғи үйлесімділік пен заңдылықтың болуы мүмкін.

Сонымен 13 наурызда соңғы нүктесі қойылатын көне жыл 14 наурыздан бастап жаңа белгесе ауысып, ежелден Күнді қасиет тұтқан дала жұрты жаппай той тойлауға кіреседі екен. Ал 22 наурызда күн мен түн теңесіп, ақ пен қара беттесіп, әрі қарай күн ұзарып, түн қысқарып, жер бауыры бусанып, тіршіліктің тамырына қан жүре бастайтыны айтпаса да түсінікті жайт. Сөйтіп, көктем мерекесін 9 күн тойлап күрмейтін көшпелілер содан соң келесі жылдың қамына кіресетін болған.

Қолдан келсе, балалар сінгірген далалық білімнің қасиеті мен қадірін қашырмай, тылсымға толы ұлттық үрдістерімізді кіршіксіз тұтынағанға не жетсін.

Біле жүріңіз

Ауызашар беру: пайдасы мен сауабы

Ислам дінінің бес парызының бірі – ораза ұстау. Алла Тағала Құран кәрімде «Бақара» сүресінің 183-аятында: – «Уа, иман келтіргендер! Өздеріңнен бұрынғыларға парыз өтілгендей, сәндерге де ораза ұстау парыз өтілді. Бәлкім сол арқылы (асау нәсіні тізгіндеп) күнә атаулыдан сақтанып, тақуалыққа жетерсіңдер», – деу арқылы кітабым Құран деген мұсылман үмметіне рамазан айында ораза ұстаудың парыз екенін айтса, Пайғамбарымыз Мұхаммед (Аллаһтың оған игілігі мен сәлемі болғай): – «Ислам бес нәрсеге негізделген: (Алла Тағаладан басқа теңір жоқ, Мұхаммед Оның құлы әрі Елшісі деп) күәлік ету, (күніне бес уақыт) намаз оқу, (рамазан айында) ораза ұстау, (негізгі қажеттіліктерінен артылған байлығы шариғат бекіткен мөлшерге жетсе, жылына бір мәрте) зекет беру және (денсаулығы жақсы болып, қаражаты жетсе, өмірінде бір мәрте) қажылыққа бару», – деп оразаның мұсылман дінінің бір шарты екенін нақтылаған.



Әртүрлі себептермен ағайын-туысқа, көрші-көлемге, жақын-жуыққа дос-жаранға т.б. жанымызға жақын жандарға дастарқан жайып, түрлі ас ұсыну – қазақ халқының қанына сіңген мұсылмандық ізгі қасиет. «Ағайын торқалы тойда, топырақты өлімде» деген тәмсіл осыдан қалған.

Бұл дәстүр туыстық қарым-қатынасты, бауырмалдық, жанашырлықты арттыратыны сөзсіз. Бар тәттісін қонағына сақтаған, көптен қонақ шақырмаса көңілі көншімей, құдайы қонақ келсе сауабынан құр қалмайын деп ойланбастан астындағы жалғыз атыс да пышаққа тапсыратын халықтың ұрпағымыз. Алпаға шүкір! Мұның барлығын «Алла разылығы үшін» деген ниетпен жасайтын болғандықтан «құдайы ас», «құдайықолы» немесе «садақ» деп атау бергенбіз. Бұдан бөлек түрлі қуанышты себептермен той жасап, Алланың берген нығметіне шүкірлік ниетімен шалынған малды, ағайын-туыстың бір дастарқан басында бас қосып бөліп жөуі де өз алдына бір тағалымды дәстүріміз.

Осындай игі ниетпен рамазаннан өзге он бір айдың күндіз мен кешінің қалаған уақытында халыққа дастарқан жайып ас ұсыну – тек сауап әкелетін ізгі іс. Ал рамазан айына келсек, жоғарыда атап өткеніміздей, күндіз ішіп-жеуден тыйылу – Жаратқанның бұйрығы.

Құран кәрімде «Бақара» сүресінің 187-аятында «...Әрі таңның ақ жібі қара жіптен анықталғанға дейін жеңдер-шіңдер, кейін оразаны кешке дейін ұстап аяқтаңдар...» деп осы екі аралықта, яғни күндіз ішіп-жеуден тыйылу нақты аятпен емделген. Алтағыз ақ жіп – көкжиектен созылып көрінетін таңның атуы. Ал қара жіп – түннің қараңғылығы. Таң мен кешті жіпке теңеуінің себебі – созылып, жіп сияқты болып көрінуі. Мұсылман үмметі Жаратқан Хақтың бұйрығына мойынсуында, құрметпен қарайды. Сондықтан рамазан айының күндізгі уақытында халықты жиып ас ұсыну Алланың Құран аяттары мен ардақты пайғамбарымыздың (Алланың оған игілігі мен сәлемі болғай) хадистерінде баяндалған Жаратқанның бұйрықтарына сай келмейді. Құдайдың жолы шариғатқа сай келмесе, ол ас-жындардан «құдайы ас», «құдайықолы» немесе «садақ» деп атаудың да еш мәні қалмайды. Ал рамазан айында халыққа таратар асымызды шариғаттың негізгі қайнар көзі Құран мен хадиске сай ауызашар уақытында ұсынсақ, нағыз құдайықолына лайықты сауапты да ізгі іс болмақ.

Рамазан айында ораза ұстаудың сауабы жайында құдіс хадисте «Адам баласының оразадан басқа амалының барлығы өзі үшін. Ал ораза – мен үшін, оның сауабын өзім беремін. Ол өзінің тамағын, суын мен шауатын Мен үшін тыяды. Оның сыйын өзім беремін» деген Бұл құдіс хадисте басқа құлшылықтарға берілетін сауапты періштелер еселтеп бере алатынын, ал ораза ұстау Алланың құзырында ерекше құрметке ие құлшылық екенін, ораза ұстаушыға берілетін қисапсыз сый-сауапты өзі беретіні айтылады.

Рамазан айында аузы берік жандарға ауызашар берудің сауабына келсек, Алла Елшісі (Алланың оған игілігі мен сәлемі болғай) «Аузы берік жанды ауызашарға шақырып тамақ берген кісі ораза ұстаған адамның сауабындай сауапқа ие болады. Аузы берік адамның сауабынан да еш нәрсе көрмейміз» деген. Яғни ауызашар дастарқанына қанша адам жылыса, соншалықты қисапсыз сауап ауызашар берген жанға да нәсіп болады. Рамазан айында жасалатын әрбір сауапты істердің еселетіні жайында пайғамбарымыз (Алланың оған игілігі мен сәлемі болғай) «Адам баласының барлық игі істерінің сауабы артады. Әрбір жақсылыққа он еселен жеті жүз есеге дейін сауап жазылады» деген. Игі істің шынайы ниетпен жасалғанын, рия мен мақтанш араласпағанын, жұмсайтын қаражаттың адал жолмен берілгенін білүші Алла, өзінің кеңшілігімен сауаптарын жүз еселен көледі. Оның үстіне хадисте «Ораза ұстаған адамның ауыз ашқан сәттегі дұғасы көрі қайтарылмайды, сөзсіз қабыл болады» деп айтылғандықтан, сіздің ауызашарға шақырып, жасап жатқан құрметтіңізге аузы берік жанның міндетті түрде қабыл болатын батасын аласыз!

Құдайы ас берудің бір әдебі – тарататын садақаны алаламай тұр қылып үлестіру. Алла Тағала кеңшілігімен кейбір жандардың түрлі себептерге байланысты ораза ұстамауына рұқсат берген. Ауызашарға шақырсақ, адамдарды аузы берік немесе ауызы ашық деп бөліп жармай, түрлі себептермен ораза ұстай алмаған жақындырымызды да ыңғайсыздыққа қалдырмаған болар едік. Ораза – Алла мен ораза ұстаушы арасындағы нәзік сыр. Күндіз құдайы асқа шақырсақ, ауызы берік жан «мен ораза едім» деп Алламен арасындағы сырды жария етуге мәжбүр болады.

Алла Тағала Құран кәрімде «Хаж» сүресінің 32 аятында «... Кімде-кім Алланың нышандарын (яғни Құран, қарба, зәмзам, құрбадық, намаз, ораза, азан сынды ислам дінінің айқын белгілерін) лайықты түрде ұлықтаса, бұл күнәсіз, жүректенді тақуалығынан (яғни Алпаға деген ерекше сый-құрметінен) делінген. Бес парыздың бір болған рамазан оразасын ардақтап, жарар дастарқанымыз бен таратар асымызды ауызашарға беріміз – Алпаға деген сый құрметтің көрінісі. Ораза тұта алмасақ та, ұстай алмағанымызға ұялу, ораза ұстаған адамның көзіңше ішіп-жеуден тыйылу да оразаға деген құрметтің бір белгісі.

Халқымыз үйіне келген адамды құр шығармай қазан көтеріп болмаса шөй беріп, тым болмағанда нан ауыз тигізген.

Тоқсаныншы жылдары үлкендермен бірге мешітке алғашқы тарауық намазына келе алмаған бір ақсақалдың көңілін сурап, рамазан айымен құттықтап барғанымызда әр барған сайын барын алдымызға қоятын әжеміз «нан ауыз ти» деп те айтпады. Мен балалықымдас біз келе берген соң ренжіп қалды ма деп: – Бізге бүгін нан ауыз ти деп те айтпадыңыз ғой, ренжіп қалдыңыз ба, – дегенімде: – Құлыным-ау, неге ренжіп, қайта қуанамын ғой. Дастарқан жайып, нан ауыз ти дегенім, бүгін ораза басталды. Құдай Тағала Құранда бұл айда күндіз ішіп-жеуден тыйылу деп тұрса, құдайдың құлы бола тұра менің ол аяққа қарсы келіп ас ұсынудым күнә болады ғой» дегені бар еді. Міне, ишан-ахундардың көзін көрген, тәлімін алған дана келуінің оразаға деген құрметі «Оразалымен отлас дән, имандымен жолдас бол» демекші, аузы ашық, ауызы берік деп бөлінбей, Құран аяттары мен пайғамбар хадистеріне сай келмейтін Рамазан айында күндіз ас беруді тоқтатып, халыққа ұсынар ас мезірін қисапсыз сауапқа жеткізсе, дұғалар сөзсіз қабыл болатын ауызашар уақытында беруге шақырамын. Алла Тағала Рамазан айындағы дұға-тілектерімізді қабыл етпей! Әмин!

Жақсыбек қажы ӘБИҰЛЫ,
аудандық «Иманқұл»
мешітінің бас имамы

Дәстүр дәріптелген той

Ұлыстың ұлы күнінде «Наурыз мейрамын тойлау» тұжырымдамасы аясында, ұлттық салт-дәстүрімізді қайта жаңғыртып насихаттау мақсатында Еңбек ауылында мекеме ұжымдары «Төрлет, төл мереке – Әз Наурыз!» атты мерекелік шарада әдет-ғұрыптарды сахналау арқылы, түрлі салт-дәстүрлерді дәріптеп, Ұлыстың ұлы күнін тойлады. Олар шілдехана, тілашар, сүндет той, қыз ұзату, келін күту, беташар рәсімдерін көпшілікке ұсынды.



– Сүйінші! Сүйіншіңді бер, ағайын! Менің жеңгем дүниеге атұстар бала әкелді. Мен інілі болдым, – деп халықтан сүйінші сұраған Нұрдоос өмірге келген кішкентай бауырының шілдехана тойына дүйім жұртты шақырып, қуанышымен бөлісті. Еңбек ауылындағы Наурыз мейрамы осындай керемет қойылыммен басталды.

Жалпы шілдехана – жаңа туған нәрестенің құрметіне жасалатын ойын-сауық той. Яғни өмірге адам келгенінің және оған қуандық бір бөлігі.

Әдетте жаңа туған нәрестені шілде суга шомылдырып, судың кішкене бөлігін бір ыдысқа құйып алып қояды. Кейін нәрестенің денесіне жара шыққанда сол сумен шомылдырса, жара бірден кететін көрінеді. Сондай-ақ баланы итаяққа ұсақ тиып, сақина, білезік салып жуындырады. Жуындырып болған соң тиындар мен білезік, сақиналарды келіндерге бөліп береді.

Қойылымда ауыл өнерпаздары баланы бесікке саларда «тыштырма» салтын сахналап, бесікке бөледі. Шілдеханада ән де айтылады. Қойылымда қуанышқа ортақтасып келген ауыл жастары ән салып, домбыра тартып, жыр арнады. Осылайша алғашқы күннен сәби құлағына ән-жыр сіңіріледі. Себебі ән айтып, домбыра тарту арқылы бала жамандықтан қорғалады деген сенім бар.

Таудай болсын талабың, Ашылсын тілің, қарағым. Оқу сіңіп санаңа, Жарқырай берсін қабағың. Мақтанышы бола біл, Ата менен анаңның!

Иә, бұл бата баланың мектепке баруына орай жасалатын тойда, яғни тілашар салтында айтылатын бата. Ата-аналары баласын молдаға жетелеп апарып: – Молдеке, сүйегі – біздікі, еті – сіздікі. Осы балаға қара танытып, тілін ашып беріңіз, – деп тапсырады екен. Бүгінгі шарада «Ақжүніс» балабақшасының ұжымы мектеп талбалдырығын аттайтын балаға «тілашар» жасау арқылы бұл салт-дәстүрдің маңыздылығына тоқталды.

Мұнан әрі сүндет той салты сахналанды. Қазақ даласында ежелден сән-салтанатымен ерекше атап өтілетін, өзіндік жөн-жоралғысы бар той – сүндет той. Қалыптасқан дәстүр бойынша ата-бабаларымыз ер баланы сүндетке жет жасында, яғни бес немесе жеті, тоғыз жаста отырғызады. Қазақ халқы сүндетке отырғызылған баланың қамшы ұстар азамат болғанын білдіріп, ұланасыр той жасаған. Бар жақсысын баласына, ұрпағына арнаған қазақ халқы құрсақты, шілдехана, бесіктой, қырқынан шығару, тұсаукесерден кейін осы сүндет тойды жасаған.

Сүндет той жасау бала қарақұлақтанып қатарға қосылған күннен бастап, ат жалын тартып мініп, аза-

мат атанғанының алғашқы белгісі саналады. Мұндайда бай-қуатты адамдар ат шаптырып, балуан күрестіріп, ұланасыр той жасаған. Баланың сүндетке отыруы оның азаматтық өмірге қадам басуымен тең. Сүндетке отырғызу – тазалықтың, мұсылмандықтың белгісі. Ауылдағы «Еңбек жер» ЖШС ұжымы шарада сүндетке отырғызу дәстүрін дәріптеді. Қойылымда баланың нағашылары дәстүр бойынша сүндеттелген жиендеріне тай мінгізіп, ата-әжелеріне бағалығын таратып, ақ батасын берді.

Бүгінге дейін береке-біріктің ұйытқысына айналып отырған дәстүріміздің бірі – қыз ұзату. Ғасырлар бойы мазмұнын жоғалтпаған қыз бала тұрмысқа шығатын кезде жасалатын дәстүр бүгінде өз маңыздылығын жоғалтпаса, Ертеден келе жатқан салт-дәстүр бойынша екі елдің арасында байланыс орнатқан ауылдық мәдениет үйінің ұжымы қойылымда халықтың батасын алып, отау құруға бастау болған дәстүрді сахналады.

Қойылым келін түсіру салтымен жалғасты. Ақ босаға аттағалы тұрған жас келінді үйге оң аяқпен кіргізіп, отқа май салу рәсімін орындаған емхана ұжымы, жас келінді ешкімге көрсетпей

шымылдық ішіне отырғызды.

Қазақ келін түсіргенде жасалатын салттың бірі беташар да бұл шарадан көрініс тапты. Шымылдықтың ішінде отырған келіннің басына орамал жауып, той өтіп жатқан үйдің ең жақын, үлгілі келіндері екі жақтан қолтықтап алып шығады. Беташардың тәрбиелік мәні зор болғандықтан келіншектің екі жағына тұратын әйелдер жесір болмауы қатаң ескеріледі. Орамалдың теңге түйілген ұшын домбыраның мойнына не таяқтың ұшына байлап, жырау беташар жырын бастайды.

Ол шаңыраққа жаңа түскен келінге ата-енесің, үй-ішің таныстырып, қандай туысқандық жақындығы бар екенің, беделің, қадір-қасиетің шебер тілімен жеткізіп, әрқайсысына жеке-жеке сәлем салдырады. Сәлем алған адам жас келінге сый-сияпат табыстайды.

Бір күнде бірнеше дәстүр дәріптелген дүбірлі тойда ауылдық мәдениет үйінің өнерпаздары өңнен шашу шашты. Салт-дәстүрді жаңғыртқан мекеме ұжымдарына мектептің 10 жылдық түлектері қаржылай сыйақы табыстап, ауыл тұрғындары наурыз көжеден дәм татты.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Думанға бөлеген мереке

Ұлыстың ұлы күні биыл елімізде 10 күн тойланды. Бір сөзбен айтқанда, жаңа форматта өтті. 14 наурыз күні Көрсісу, яғни Аман мерекесімен басталды. 15 наурызда қайырымдылық, 16 наурызда мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні, 17 наурыз шаңырақ, 18 наурыз ұлттық киім күні болып белгіленді. Дәл осы күндері ауданда ұлттық киімдеріміз ұлықталып, салт-дәстүріміз насихатталды.

19 наурызда «Жаңару күні» деп белгіледі. Осы күні ауданда көктемгі ағаш егу жұмыстары жүрді. 20 наурызда ұлттық спорт күні атап өтілді. Ол күні «Наркескен» спорт клубында ұлттық спорт түрлерінен сайыстар ұйымдастырылып, жалағаштықтар өзара мықтыны анықтады. Ал 21 наурызда ынтымақ күні ауданда қарасты барлық ауылдарда Наурыз кең көлемде тойланып, барлық берекенің бастауы бірлікте екені халыққа насихатталды.

22 наурыз – жыл басы. Бұл күні еліміздің барлық өңірлерінде жалпыхалықтық мәдени-спорттық іс-шаралар өтті. Наурыз мейрамына арналған негізгі шаралар дәл осы күні қорытындыланды. Жалағаш ауданында да ұлыстың ұлы күні кең көлемде тойланып, спортшылар сыңға түсті, халық наурызкеңеден дәм татты, жергілікті өнерпаздар тойға келген жұртқа көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Тағылымды шара таң атысымен «Тағзым» аллесаында бастау алды. Ең алдымен меймандар Ілиясовтар отбасының шаңырағында үш бірдей баланың тұсаукесер рәсіміне куә болды. Балалардың тұсауын кесіп, қадамына сәттілік тілеген аудан әкімі Ардақ Ибраимов жылыған жұртты Наурыз мейрамымен құттықтады.

Аудан жұртының бұл мейрамға қалай дайындалғаны көрініс-ақ тұр. Жергілікті қолөнершілердің бұйымдары қойылған көрмелер, әрбір шаңырақты ауыл өнерпаздарының думанға бөлеуі, бәрі-бәрі аудан халқының бұл мейрамды жоғары деңгейде атап өтуге талпынысқа дайындалғанын айшықтайды.

Түсілген адамға орталық алаңда тігілген үйлер тек ас-су ішу үшін ғана емес, мұнда әр шаңырақта түрлі салт-дәстүріміз насихатталды. Келген меймандар кейбір ұмыт болған салт-дәстүрімізді танып-білді.

Өне-міне дегенше негізгі шара да басталды. Бұған дейін дәм татып, бір-бірін мейраммен құттықтап әрі-сәрі болған меймандар енді жергілікті өнерпаздар өзгерген негізгі шараны тамашалауға бет алды.

Алдымен көрмені қойылғандар бойды, бүддірішдер мың бұрала биледі. Жұрт сауғалық айтты, жыл басынан жақсылық тіледі. Мұнан кейін Ардақ Әбілғалиұлы аудан жұртын аталған мейраммен құттықтап, бытыр жүзеге асқан жобаларды кеңінен тарқатты, мыл да елдің әлеуетін арттыруға бағытталған жарқын жобалар барын да жасырмады.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен биыл елімізде Наурыз мейрамын кеңінен атап өту және оның маңыздылығын арттыру жөнінде Наурызнама тұжырымдамасы дайындалды. Соған сәйкес 10 күн бойы ұлттық салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды кеңінен насихаттауға арналған танылды-мерекелік шаралар ұйымдастырылуда. Тамыры тереңге бойлаған Наурыз қашан да дана халқымыз үшін енесі биік елдіктің, іргесі сөгілмеген бірліктің, ынтымағы ақырамаған ырыстың символы іспеттес. Табиғат түлпек, жаңарған сәтте есіктен енетін ақ пейіл мен мол татулықтың мерекесі ретінде қазақпен біте қайнасып келе жатыр. Бірмінезіз мәлім Наурыз – ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы. Бұл күні тіршілік оянып, күн мен түн телініп, табиғат-ана жасарып, жаңарып, ерөн еңбектің дуанын басталады. Адамзат баласы сағынышпен қауышып, өкпеленіштерді ұмытып, бір-біріне жылы лебізін білдіріп, есіп-енуін тілейді. Игі дәстүр бойынша біз де жана жылдан жақсылықтар мен жаңа жетістіктер күтеміз. Ұлыстың ұлы күні біз үшін қашанда ата-бабаларымыздың ұлағаты мен даңқын дәріптеген дәстүр ретінде қымбат. Наурыз туғанда дикан кетпелін сайлап, шараға кіресің. Осы тұрғыдан алсақ, Наурыз – елді еңбекке жұмылдыратын, ырыс-нәсібімізді арттыратын мейрам. Еліміздің мерейін өсіріп, бар болмысымызды айшықтайтын Наурыз мерекесі әрбір отбасына бірлік пен қуаныш, бақыт пен молшылық әкелсін! Наурыз мол ризық-нәсібіміз, күт-берекесімен келсін!

Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын – деді аудан әкімі. Мұнан кейін сахналық қойылымдарға кезек берілді. Жергілікті өнерпаздар өңнен шашу шашты, жылған жұрт олардан қошеметін аямды. Бір сөзбен айтқанда, елдің ұлыстың ұлы күнін асыға күткені көрініп-ақ тұр. Салтанатты шара соңына жеткенде ел спортшылардың жарысын тамашалауға асықты.

Иә, мереке қарсаңында ұлттық спорт ұлықталды. Аудан спортшылары арасында қол күрес, арқан тартыс, гир тасын көтеру сынды ұлттық спорт түрлерінен тартысты сайыс өтіп, өзара мықтылар анықталды. Оған 100-ге жуық спортшы қатысты. Спортшылар ең алдымен сайысты шымырлық пен ептілікке үйретіп, дененің қимыл-қозғалысын ширатуда ешбір ойын түрінен кем түспейтін арқан тарту сайысынан бастады. 8 команда қатысқан сайыста жеңісті жолдан жығылмайтын Ақсу құрамасы бұл жолы да көш бастап, 50 мың теңге қаржылай сыйақыға ие болды. Кент спортшыларынан құралған «Стадион» командасы II орынға тұрақтап, 40 мың теңге жеңіп алса, қоғам қайраткері Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицей ұжымы үздік үштікті түйіндеп, 30 мың теңге иеленді.

Бұдан кейін спортшылар қол күресте сыңға түсті. Білектілер сайысында I орынды кент спортшысы Мұхтар Төжмахан алды, Ал Алмат Төжмахан II орынды еншіледі, III орынға Нұрсұлтан Табынбай лайық деп танылды.

Гир тасын көтеруге 20-ға жуық спортшы қатысты. Нәтижесінде I орынды Абдулхасан Сейтенов алып, 30 мың теңге иеленді. Ислам Мөжиев II орын алса, Данияр Байсақалов III орынға тұрақтады. Жарыс соңында спортшылар аудан өкімінің орынбасары Гани Сүлейменовтың алғыс хатымен марапатталып, арнайы қаржылай сыйлық пен кубок иеленді.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ
 БАСЫЛ-БЕТТЕ



Газетіміздің келесі саны 30 наурыз, сенбі күні шығады

Диірменші Алтынкүл



«Бір кісі жоқшылыққа тап болып, нәсібе іздеп далаға кетеді. Жұбайы: – Уа, Алла! Илеп нан жасайтын ұн бере гөр, – деп дұға етеді. Еркек үйіне қайтып келсе, шара толған қамыр, ал тандырда ет пісіп тұр. Тас диірмен болса айналып жатыр. «Мұның барлығы қайдан келді?» деген сұрағына әйелі: – Алланың берген ризығы ғой, – деп жауап қатты. Сөйтіп кісі диірмен айналасындағы ұнды жинап теріп алады.

Иә, қазақ халқы бұрыннан нанды бүкіл астың атасы санаған. Қонақ келгенде ең алдымен дастарқанға нан әкеліп ұсынған. Ал сол нанды ерте-ректен қол диірменнің көмегімен жасағаны белгілі. Қазір техника дамыған заманда қол диірмен қарапайым тұрмыстан шет қалды, десе де ауылдарда оның пайдасын ұмытпай, балаларына тарихын жеткізіп жүрген аналарымыз баршылық. Солардың қатарында аққұмдық Алтынкүл Ысқақова да бар.

Ол қол диірменнің құлағында ойнап, өліге дейін бидайдан ұн шығарып жүргенін айтады. Мұнысы жай ермек емес, кейінгі ұрпаққа нанның еңбекпен келетінін ұғындыру екен.

– Кезінде талай отбасын ашытқан алып қалған осы қол диірмен тоқшылық белгісіндей көрінеді. Кішкентай кезімде анамның қасында отырып, диірмен тартқанын көріп отыратынбыз. Ол кезде де диірмен көп бола бермейді. Бір-бірінен сұрап,

талқан тартушы едік. Сондықтан еңбекке жастайымнан араласып, диірмен тарттым. Оны айналдырып тарта бастағаннан-ақ дәннің керемет ісі аңқиды. Бүгінде тағамның түрі жетіп артылады. Кейінгі ұрпақ дәннің қасиетін білсе екен дегім. Себебі нан қалай келетінін ойланбайды. «Қазір ақшаң болса, бәрін сатып алуға болады» деп ойлайды. Сол себепті маңдай термен келген нан тәтті екенің, Жер-Анаға сепкен дәннің

үйге нан болып келетінін әрдайым кішкентайларға ұғындырып отырамын, – дейді кейіпкеріміз.

Ұлын ұяға, қызын қыяға қондырған Алтынкүл алайдың бұл ісі – құптарлық дүние. Бүгінде ол ақылшы әже атанып, ұрпағына тағылымды тәрбие беруде. Кейіпкеріміз әңгімесін әрі жалғап, тарыны диірменге тартып, талқан жасады. Біз де қызығып диірмен тартып көруге кірістік, «мұны айналдыруға көп күш керек екен ғой» деп қойдық. Көне затты керексіз деп лақтырып тастамай, кейінгі ұрпаққа насихаттап, сақтап жүргенің өзі өнеге. Ұлттық дәстүрді ұлықтап, саналы тәрбие беретін осындай ардақты әжелер қатары сиремесін.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директордың міндетін атқарушы
 Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
 «Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы

Бас редактор
 Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
 Бас директор - 8(7242) 70-00-36
 Бас редактор - 32-0-41
 Бас редактордың орынбасары,
 жауапты хатшы,
 бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат қолтаңбасымен 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

«Жалағаш жаршысы» аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сенбесі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
 Тел.: 8(7242) 40-06-68.
 Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмісесі 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 476